Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

AMANTA GROUP
строительная компания

Товарищество с ограниченной ответственностью

ҚР, Шымкент қаласы, Елшібек батыр көшесі № 83
БИН: 010340000160
E-mail: amanta-group@mail.ru
Тел: +7 (7252) 57-38-59
Сот: +7 702-586-08-06

Шығыс: № 91
«10» қыркүйек 2018ж.

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті" РММ басшысына

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Сатып алу Заңына сәйкес 2018 жылдың 6 қыркүйегінде шыққан № 2762075-ОК2 қорытындылар туралы хаттамасында көрсетілгендей «Amanta Group» ЖШС жұмыс тәжірбесін дұрыс есептемегендіктен екінші жеңімпаз атанып отырмыз. «Amanta Group» ЖШС 2011 жылдын бастап қызмет жасап келе жатқан серіктестік. Жұмыс өтілі де әжептеуір, алайда конкурстық комиссия мүшелерінің қателігінен, жалпы жеңілдік шарттарында көрсетілген пайызымыз төмен. Атап айтқанда:

- 2012 жылы 2 нысан;
- 2013 жылы 6 нысан;
- 2014 жылы 14 нысан;
- 2015 жылы 1 нысан;
- 2017 жылы 4 нысан (бұдан басқа 2 нысанның жұмыс актілері салынбай қалған соған байланысты, 2 нысанды қосқан жоқпыз);
- 2018 жылы 3 нысан өткізілген.

Осыған байланысты жылдық өтіліміздің аз шығып тұрғанын байқайсыздар. «Amanta Group» ЖШС барлық жұмыс өтілі 6 жыл екенін көруге болады, қосымша істелген әрбір жұмысқа 0,2 балдан қосылуы керек. Яғни, бұл дегеніміз істелген 24 нысанның есебін көбейтетін болсақ, 4,8 болып шығады. 6 жыл жұмыс өтіліне 4,8 бал қосылғанда 10,8 бал болуы тиіс, және 3 бал менеджмент жүйесін сертификаттары бар. Жалпы алғанда 13,8 бал болуы тиіс болатын. Біздің тараптан, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу

Заңының 9-бабы бойынша барлық талаптарға сәйкестігімізді көрсеттік. Өткізілген жұмыстар бойынша барлық құжаттар толығымен тігілген. 5 Қосымша көрсетілгендей: ***Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары), екінші (қалыпты) және үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі*** деп жазылғандығын көреміз. Бұл дегенміз, ***жауапкершілік деңгейі үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда*** бірінші және екінші деңгелі жұмыстардың барлығын қосып есептеуді көрсетіп тұр. Алайда конкурстық комиссия мүшелері біздің кейбір жұмыстарды, әсіресе жаңа құрылыс жұмыстарын, электрмен жабдықтауды жұмысын, жол салу жұмыстарын есепке алмағанға ұқсайды. Аталмыш кемшіліктерді жауапқа ала отырып, Сізден конкурстық комиссия мүшелерін шығарған қорытындының бұзып жеңілдік шарттарын қайта есеп жүргізіп, қорытындыны оң шығарып беруіңізді өтінеміз.

Ізгі ниетпен

«AMANTA GROUP» ЖШС
директоры **С.С. Дильдабеков**

Казахстан Республикасы ОҚО Шымкент
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
AMANTA GROUP
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
Республика Казахстан ЮКО г.Шымкент